

Үлкенге ізет - кішіге міндет

Ұлы Отан Соғысында Жеңістің жалауы желбіреп, әні шырқалғалы жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Дегенмен сонау сұрапыл жылдарда тағдыр тезіне төтеп беріп, кескілескен ұрыстарда табандылық көрсеткен ардагерлеріміздің қатары күн санап азайып



келеді. Бұл, әрине, өмір заңдылығы. Ауданымыздың ардагері, торқалы тоқсан жасқа келген Қалиақпар Әміровтің мерейтойын тойлау бойынша жоспар құрылған болатын. Сол жоспарға сай ауыл мектебінде оқушылар мен мұғалімдердің ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама тамашаланды. Бұл кешке аудан орталығынан бөлім басшылары: З.Даутова, Г.Жүпеннова, Р.Құтжанова және аудандық мәслихаттың депутаты Қ.Жүнісбеков, БАҚ қатысты.

Кездесуді жүргізушілер ашып, ардагерді құттықтап, аудан әкімінің құттықтау хатын салтанатты түрде табыстауға ортаға аудандық ішкі саясат бөлімінің бастығы З.Даутова мен мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Р.Құтжанова шақырылды. Ардагерге деген жылы лебіздерін білдірген бөлім басшылары салтанатты түрде аудан әкімінің құттықтау хатын табыс етті.

Ел басына күн туған сұрапыл соғыс жылдары адам төзгісіз қиыншылықтарды қайыспай көтерген ардагермен өткен бұл кездесуде мектептің бастауыш сынып бүлдіршіндері бұрала би билесе, жоғары сынып оқушылары ән салып, қоңыр дауыстарымен нақышына келтіре өлең де оқыды. Ардагерге деп өз қолдарынан шыққан бұйымдарын да табыс етті. Сонымен қатар бұл шарада ауыл өнерпаздарымен бірге аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздары да қалыс қалмай, өнерлерін ортаға салды. Мұндай патриоттық бағытта өткен кездесудің жас буын өкілдеріне берер тәрбиесі қашанда мол.

Ардагер Қалиақпар ақсақал құрметтеп шақырылып, бар ықыластарымен көрсетілген ізеттеріне рахметін білдіріп, батасын берді.